



Арамшөптермен күресу шаралары

Орындаған: Ортай Ұ.

Жоспары

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

Арамшөптерге сипаттама

Арамшөптердің түрлері, олармен күресу шаралары

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Арамшөп – егіс танаптарында өсетін жабайы өсімдіктер. Оның Қазақстанда 300-ден астам түрі бар. Егістік, шалғынды, жайылымды жерлерде, өзен-көл жағалауларында өседі. Арамшөп тамыр жүйесінің жақсы дамуына байланысты ылғалды, қоректік заттарды көп пайдаланады. Сондай-ақ ол егілген дақылды көлеңкелеп, фотосинтез процесінің жүруін нашарлатады, нәтижесінде егілген дақыл бойында органик. заттардың түзілуі нашарлайды, алынатын өнім төмендейді. Арамшөп – егіс зиянкестері мен ауру қоздырғыштардың мекені әрі оларды тарататын ортасы.

- Арамшөп негізінен паразитті арамшөп және паразитті емес арамшөп болып екі топқа бөлінеді. Паразитті арамшөпке арамшырмауық, сұңғыла, т.б. жатады. Ең зияндысы – хлорофилі мен тамыры жоқ сұңғыла. Ол қасындағы дақылдың қоректік заттарын сорып алады. Паразитті емес арамшөпке бір жылдық өсімдіктер (қара сұлы, итқонақ, қарабидай арпабасы, қара меңдуана, т.б.) және көп жылдық өсімдіктерден (жатаған бидайық, ермен, шоңайна, кәдімгі түйетікен, т.б.) болып бөлінеді. Арамшөпті жою үшін агротех. шараларды (себілетін тұқымды жақсы тазарту, көң шашу, Арамшөпті гүл жармас бұрын отау, ауыспалы егісті қолдану, топырақты сапалы өңдеу, дақылдардың қатар аралығын қопсыту, т.б.) мұқият жүргізу, хим. гербицидтер (авадекс, илоксан, т.б.) шашу және биол. әдістерді тиімді қолдану.

Паразиттік емес арамшөптер вегетациясының ұзақтығына қарай екі топқа бөлінеді:

1. Аз жылдық арамшөптер

2. Көп жылдық арамшөптер

Аз жылдық арамшөптер дегеніміз- екі жылдан артық өмір сүрмейтін, соның ішінде бір – ақ рет тұқым беретін өсімдіктер. Олар тұқым арқылы көбейеді.

Көп жылдық арамшөптер дегеніміз – бірнеше жыл өсіп, соның ішінді бірнеше рет дән түйіп, ұрпақ беретін өсімдіктер. Олар тұқымынан да, вегетативтік мүшелері арқылы да көбейеді.

• Арамшөптер.

Жабайы шалқан
Кәдімгі
қышабас




Далалық
қанатжеміс



Арамшөп ретінде жабайы ө/р



Қара алқа



Нағыз сасық меңдуана



Қара медуана


Қазақстан Республикасында кездесетін арамшөптердің негізгі өкілдері Арамсоюлар тұқымдасы (*Cuscutaceae*) – паразит өсімдіктер. Арамсоюлар тұқымдасына жататын өсімдіктер хлорофилсіз, тамырсыз, жіп тәрізді сабағы арқылы басқа өсімдіктерге сорғыш бүршігі арқылы жабысып өседі. Егістіктерде арамшөп өсімдігімен күресу жолында алдын ала сақтандыру шараларының маңызы күрделі. Олар арамшөптердің жаңа тұқымдарын танапқа түсірмеуге, арамшөп өсімдіктерінің көздерін, ошақтарын анықтауға, оқшаулауға жоюға және олардың таралу жолдарын кесуге бағытталған. Алдын ала сақтандыруға карантиндік қызмет, тұқымды тазалау, көнді дұрыс дайындап қолдану, суғару суының тазалығы, азықты малға дұрыс дайындап беру, егін өнімін дер кезінде жинау, жолдың жағалауындағы және басқа өңделмейтін жерлердегі өсетін арамшөптерді ұдайы отап отыру және т.б. және шаралар жатады.

- **Арамшөптермен күресу жолдарына төмендегілер жатады.**

- 1. Тұқымдық материалды мұқият тазалау;
- 2. Егістікке көңмен және суарған кезде сумен бірге арамшөп ұрықтарының түсуіне жол бермеу жөніндегі шаралар (тек жақсы шіріген көң қолдану, жолдар жиегіндегі, суару каналдарының аралығындағы, сондай-ақ олардың жағасындағы шөптерді гүлдегенге дейін шауып (орып(тастау, т.б.;
- 3. Дақылдардың аудандастырылған сорттарының жоғары сапалы тұқымдарымен дер кезінде, яғни, оптимальды мерзімде егу (нәтижесінде егіннің көгі көптеген арамшөптерді тез басып озып, олардың тұншықтырып тастайды);
- 4. Арамшөп ұрықтарының егістікке жайылуына мүмкіндік бермеу үшін егінді уақтылы жинап, қырманға тез тасып әкету.

Арамшөптерді жою шараларына мыналар жатады:

1. Агротехникалық шаралар.
2. Химиялық шаралар. Жою шаралары арамшөптер мен олардың ұрықтарын, сондай-ақ көгеріп өсуге дейінгі сүйектерін (өскіндерін) тікелей құртуға бағытталады



Мәдени егіншіліктің басты көрсеткіші – алқаптың арамшөптерден тазалығы, бұлай болмаған жағдайда ауыл шаруашылық өндірісін орасан зор зиян келтірілді. Арамшөптер мәдени өсімдіктерге қарағанда ылғалды әлдеқайда көп жұмсайды. Академик А. И. Мальцевтің деректері бойынша ТМД –да жылдық жауын- шашан мөлшерінің 20 проценттен астамы арамшөптердің өсуіне жұмсалады. Сондықтан арамшөптермен күрес – ылғал үшін күрес. Арамшөптер мәдени өсімдіктерге қарағанда жылма- жыл топырақтан қоректік заттарды әлдеқайда көп пайдаланады. Соның салдарынан топырақтың құнарлылығы төмендейді.



Қорытынды

Арамшөптер — адамдардын қатысуынсыз мәдени дақылдармен бірге өсуге бейімделген ерекше өсімдіктер тобы. Мәдени дақылдарды өсіру үшін қолданылатын агротехника жүйесі арамшөптерге де қолайлы жағдай туғызады. Арамшөптер топырақтан коректік заттар мен ылғалды бойына сіңіреді, өсімдік аурулары мен зиянды жәндіктер де арамшөптерде қоныстанып, мәдени дақылға ауысады. Арамшөптер жер өңдеу, егін жинауды қиындатады, екпе дақылдардың өнімі мен сапасын төмендетеді. Арамшөптердің ішінде өте зияндылары карантиндік шөптер тобы болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ энциклопедиясы I Том

2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор
Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас
редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том



Назарларыңызға рахмет!